



№ 49  
(9748)

7 желтоқсан  
Сәрсенбі  
2022 жыл

# Темір

Газет-халықтың көзі, құлағы һәм тілі. А.БАЙТҰРСЫНОВ.



АУДАНЫҚ ҚОҒАМДЫҚ-САЯСИ ГАЗЕТ  
ГАЗЕТ 1930 ЖЫЛДАН  
БАСТАП ШЫҒАДЫ  
temir.gazet  
temir.gazet72@mail.ru

## Тікелей эфир

30 ҚАРАША КҮНІ АУДАН ӘКІМІ САЛАМАТ ЕРМҰХАНҒЫ АМАНБАЕВ АҚТӨБЕ ТЕЛЕАРНАСЫНЫҢ ТІКЕЛІ ЭФИРІНДЕП «ӘКІМ САҒАТЫ» БАҒДАРЛАМАСЫНА ҚАТЫСТЫ. ЭФИРДЕ АУДАН ӘКІМІ АУДАНЫҢ ӘЛЕУМЕТТІК-ЭКОНОМИКАЛЫҚ ДАМУЫНЫҢ ҚОРЫТЫНДЫЛАРЫ МЕН ӨНІРДІ ҚОҒАМДЫҚ-САЯСИ АХУАЛЫНА БАЙЛАНЫСТЫ КЕҢІНЕН ТОҚТАЛДЫ.

## «ӘКІМ САҒАТЫ»



С. Аманбаев, жыл соңына дейін ауданның 21 елді мекені, яғни тұрғындардың 97,5 пайызы орталықтандырылған таза ауыз сумен қамтамасыз етілгенін қол жеткізген оң өзгеріс ретінде ықпалдас атап өтті. Жалпы, соңғы 3 жылда ауданда 1219 тұрғыны бар 3 елді мекен, атап айтқанда Тасқола, Ащысай және Шитүбек ауылдары ауыз сумен қамтылды. Осы бағытта 994,6 миллион теңгеге 3 ауылда, яғни Шығырлы, Еңбекші және Қалмақырғанда ауыз су желісінің құрылысы жүргізілді. Халық саны аз 3 ауылға (Бірлік, Жамбыл, Шибұлақ) 33,0 миллион теңгеге кешенді блок-модульдері орнатылды. Жыл соңына дейін Қопа, Бәшенкөл, Сартоғай ауылдарына да осындай кешенді блок-модуль орнату жұмыстарын жүргізу жоспарланды.

Сонымен қатар, ауданның 14 елді мекені, яғни тұрғындардың 91,7 пайызы газбен қамтылып отыр. Соңғы 3 жылда Ақсай, Тасқола, Жамбыл елді мекендеріндегі 1800 тұрғын көгілдір отынмен қамтамасыз етілді. Бұл бағытта 2 ауылда (Алтықарасу, Еңбекші) 1 миллиард 116 миллион теңгеге газ желісінің құрылысы жүріп жатыр. Осы жобалар толық іске асқанда, 16 елді мекенде тұрғындардың 94,6 пайызы көгілдір отынмен қамтылады. Эфир барысында аудан әкімі халықтың әл-ауқатын арттыру бағытында жүзеге асқан «Ауыл аманаты» жобасының негізгі тетіктерінің және тауарлық несиелендірудің орындалу барысына толығырақ тоқталды. Ауданның 24 елді мекеніндегі барлық 9 ауылдық округте скринингтік тексеру жүргізілді. 2 пилоттық

ауылдық округте (Ақсай және Саркөл) құс шаруашалығы, қоян өсіру, шағын наубайхана, жылыжайлар салу және т. с. с. бойынша 52 миллион теңгеден астам соммаға 11 жоба әзірленді.

Сонымен қатар, аудан әкімі жұмыссыздық деңгейін төмендету бағытында қабылданған шаралар туралы, мүгедектігі бар азаматтарды әлеуметтік қорғау, мұнай компанияларының ұжымдарында туындайтын еңбек қақтығыстарын шешу тетіктерін қозғады.

Сонында аудан әкіміне жекелеген телекөрсетімдер тарапынан сұрақтар қойылды. Сұрақтардың негізгі блогы – қоғамдық қауіпсіздікті қамтамасыз ету мен денсаулық сақтау саласына қатысты болды. Телекөрсетімдер өздері қойған сұрақтарына тұщымды жауаптар алды.

ТЕМІР ГАЗЕТИ.

## Ұлттық жоба

## «ЖАЙЛЫ МЕКТЕП»

МЕМЛЕКЕТ БАСШЫСЫНЫҢ ТАПСЫРМАСЫНА СӘЙКЕС «ЖАЙЛЫ МЕКТЕП» ПИЛОТТЫҚ ЖОБАСЫ ӘЗІРЛЕНІП, ЖОБА АЯСЫНДА БАЛАЛАРҒА ЖАН-ЖАҚТЫ ҚОЛАЙЛЫ ЖАҒДАЙ ЖАСАУ КӨЗДЕЛГЕН. ОСЫҒАН БАЙЛАНЫСТЫ ЖУЫҚТА АУДАН ӘКІМІ С.АМАНБАЕВТЫҢ ТӨРАҒАЛЫҒЫМЕН ЖИЫН ӨТІП, АТАЛҒАН ЖОБАНЫҢ НЕГІЗГІ ТЕТІКТЕРІ ПЫСЫҚТАЛДЫ. ЖИЫНҒА АУДАН ӘКІМІНІҢ ОРЫНБАСАРЫ Ж. ҚОЙШЫБАЕВ, АУДАНЫҚ ПОЛИЦИЯ БӨЛІМІНІҢ БІРІНШІ ОРЫНБАСАРЫ Ж. ИМАШОВ, АУДАНЫҚ БІЛІМ БӨЛІМІНІҢ БАСШЫСЫ А. ӨСЕРБАЕВ, КЕНТ ӘКІМІ Қ. НУРАЛЫ ҚАТЫСТЫ.

Бүгінгі таңда ауданымызда 7511 баланы қамтитын 27 жалпы білім беретін мектеп жұмыс жасайды. Мектеп оқушыларының саны жылдан-жылға артып келе жатыр. Осыған орай, «Жайлы мектеп» ұлттық жобасы шеңберінде Шұбарқұдық кентінде сыйымдылығы 600 және Кенқияқ ауылында сыйымдылығы 300 орынға есептелген жаңа білім беру ұйымдарының құрылысын бастау үшін жер телімдері белгіленіп, құрылысы 2024 жылға жоспарланып отыр. Сондай-ақ, жоба аясында Алтықарасу ауылдық округіне қарасты Алтықарасу мектеп-балабақшасы мен № 3-ші Шұбарқұдық жалпы орта білім беретін мектепке күрделі жөндеу жұмыстарын жүргізу үшін тиісті жұмыстар басталды.

Жиын барысында жайлы мектептер салу үшін жобалық құжаттарды дайындау, жаңа оқу орындарын инженерлік-коммуникациялық инфрақұрылыммен, яғни электрмен, сумен, жылумен қамтамасыз ету мәселелері талқыланды. Жиынды қорытындылаған аудан әкімі, ауқымды жобаның жүзеге асырылуын бақылауда ұстау керектігін атап өтіп, жоспарланған жұмыстардың орындалуын қадағалауды аудан әкімінің орынбасары Ж. Қойшыбаевқа жүктеді.

ӨЗ ТІЛШІМІЗ.

## ПРЕЗИДЕНТТІҢ АЛҒЫС ХАТЫ

АУДАН ӘКІМІ С. АМАНБАЕВ ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ПРЕЗИДЕНТІН САЙЛАУ НАУҚАНЫНА ДАЙЫНДЫҚ ЖӘНЕ ОНЫ ӨТКІЗУ ЖҰМЫСТАРЫНА ҚОСҚАН ЕЛЕУЛІ ҮЛЕСІ ҮШІН АУДАНЫҚ ІШКІ САЯСАТ ЖӘНЕ ТІЛДЕРДІ ДАМУЫТ БӨЛІМІНІҢ БАСШЫСЫ Ж. ЖАСАҚБАЕВАНЫ ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ПРЕЗИДЕНТІНІҢ АЛҒЫС ХАТЫМЕН МАРАПАТТАДЫ.

Аудан әкімі сайлаудың нәтижелі өтуіне халықтың қосқан үлесі зор екендігін, сайлау кезінде темірліктер ерекше белсенділік танытқанын атап өтті және Ж. Жасақбаевға ел игілігі мен еркендеуі жолында еңбегіне жеміс тіледі.

ӨЗ ТІЛШІМІЗ.

## 2 ЖЕЛТОҚСАН КҮНІ АУДАН ӘКІМІ

С. АМАНБАЕВ ҚҰҚЫҚ ҚОРҒАУ САЛАСЫНЫҢ АРДАҒЕРІ ИМАНҒАЛИЕВ СИЯН МАЯУЛЫНЫҢ ҚҰРМЕТІНЕ, АУДАНЫҚ ПРОКУРАТУРА ҒИМАРАТЫНЫҢ АЛДЫНА ОРНАТЫЛҒАН, ЕСКЕРТКІШ ТАҚТАНЫҢ АШЫЛУ САЛТАНАТЫНА ҚАТЫСТЫ. САЛТАНАТТЫ ШАРАҒА ОБЛЫС ПРОКУРОРЫНЫҢ ОРЫНБАСАРЫ Қ. РАХМЕТОВ, ПРОКУРАТУРА САЛАСЫНЫҢ АРДАҒЕРІ Р. ЖҰМАҒҰЛОВ, ҚҰҚЫҚ ҚОРҒАУ ОРҒАНДАРЫНЫҢ ЕҢБЕК СІЦІРГЕН ҚЫЗМЕТКЕРЛЕРІ ЖӘНЕ ТУЫСТАРЫ ҚАТЫСТЫ.

## ЕСКЕРТКІШ ТАҚТА АШЫЛДЫ



Ашылу рәсімінде аудан әкімі сөз сөйлеп, елі үшін еңбек еткен тұлғаның өмір жолы жайында әңгімелеп, ізгі тілектерін жеткізді және ескерткіш тақтаның ашылуы – патриотизм мен ерліктің көрнекі үлгісі екендігін ерекше атап өтті.

С. Иманғалиев 1949 жылдан бастап, прокуратура тергеушісі және 1972-1980 жылдары жаңадан құрылған Темір ауданының алғашқы прокуроры болып қызмет атқарған. Өмірінің 31 жылын құқық қорғау саласына арнап, артынан өнегелі із қалдырған, «Ерен еңбегі үшін» орденінің иегері С.Иманғалиевті жарқын естеліктермен замандастары мен туысқандары еске алып, гүл шоқтарын қойды.

ӨЗ ТІЛШІМІЗ.

## ГАЗБЕН ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУ – БАСТЫ МІНДЕТ

Газ қысымының әлсіздігі салдарынан тұрғын үйлердегі жылу температурасының төмендеуіне байланысты аудан тұрғындарының шағымдардың көбеюіне орай, 5 желтоқсан күні аудан әкімі С. Аманбаев, аудандық газ шаруашылығы бөлімшесінің басшысы Т. Молдашевты қабылдады.

Қабылдау кезінде Т. Молдашев, аудан әкімін тұрғындарды газбен қамту мәселелерінің жай-күйі туралы хабардар етті. Қабылдау соңында аудан басшысы, Т. Молдашевқа газ шаруашылығының барлық желілеріне шұғыл ревизия жүргізуді, кезекші-диспетчерлік қызметтердің тәулік бойы жұмысын қамтамасыз етуді, тұрғындардың хабарламаларына ТЖ қызметкерлерінің шұғыл әрекетін қамтамасыз етуді, тұрғындардың қоңырауларына лезде жауап қатуды, бекітілген нормативтерге сәйкес жергілікті халықты газбен қамтамасыз етуді, жүктелген тапсырмаларды жеке бақылауына алуды тапсырды және аудан әкімінің орынбасары Ж. Қойшыбаевқа жылытуға берілетін газ қысымының төмендеуіне жол бермеу мақсатында «ҚазТрансГаз Аймақ» АҚ директоры С. Қыдырвоқа ресми хат жолдауды міндеттеді.

ТЕМІР ГАЗЕТИ.

## ПРОКУРОР ТАҒАЙЫНДАЛДЫ



30 ҚАРАША КҮНІ АУДАН ӘКІМІ С. АМАНБАЕВТЫҢ ТӨРАҒАЛЫҒЫМЕН, АҚТӨБЕ ОБЛЫСЫ ПРОКУРОРЫНЫҢ ОРЫНБАСАРЫ А. ҚҰСТАНОВ ҚАТЫСҚАН, АКТИВ ОТЫРЫСЫ ӨТТІ. ОНДА АУДАН БАСШЫСЫ КҮН ТӘРТІБІНДЕГІ НЕГІЗГІ МӘСЕЛЕ – ҚҰҚЫҚ ҚОРҒАУ ОРҒАНДАРЫНДАҒЫ КАДРЛЫҚ ӨЗГЕРІСТЕРДІ ТАНЫСТЫРУ МАҚСАТЫНДА БАС ҚОСЫП ОТЫРҒАНДЫҒЫН МӘЛІМДЕДІ.

Жиын барысында А. Құстанов, Қазақстан Республикасы Бас Прокурорының бұйрығымен, Темір ауданының прокуроры лауазымына тағайындалған Уразалин Қайсар Мұратұлы тааныстырды. Сондай-ақ жиында аудан басшысы С. Аманбаев, аудандық мәслихат төрағасы Б. Шанмов, ардагерлер Б. Салиманов пен Н. Өтеповтер, осы уақытқа дейін аудан прокуроры лауазымын атқарған А. Әбіләкімге ортақ мақсат жолында бірлесіп атқарған жұмысына алғысын білдіріп, жаңадан тағайындалған аудан прокуроры Қ. Уразалинге алдағы жұмысына сәттілік тіледі.

Өз кезегінде Қ. Уразалин аудан әкімдігімен тығыз байланыста жұмыс жасап, артылған сенімді ақтауға және заң үстемдігін қамтамасыз ету бағытындағы жұмыстарды сапалы үйлестіруге күш салатынын атап өтті.

ТЕМІР ГАЗЕТИ.

## «Темір» газетіне Жазылу Жүрін Жатыр

Газетке «Қазпошта» бөлімшелерінде жазылуға болады. Телефоны : 8/71346/ 2-27-09- 2-25-00

индексі	Жазылушылар санаты	6- айға	12 -айға
65524	Жеке тұлғаларға	1999,30	3998,60
66524	Заңды тұлғаларға	3007,84	6015,68
67524	Жеңілдікпен жазылатындарға	1657,78	3315,56

## АУДАНЫҚ МӘСЛИХАТТЫҢ КЕЗЕКТЕН ТЫС XXIV-ші СЕССИЯСЫ

30 ҚАРАША КҮНІ АУДАНЫҚ МӘСЛИХАТ ТӨРАҒАСЫ Б.ШАИМОВТЫҢ ТӨРАҒАЛЫҒЫМЕН, АУДАНЫҚ МӘСЛИХАТТЫҢ КЕЗЕКТЕН ТЫС ЖИЫРМА ТӨРТІНШІ СЕССИЯСЫ БОЛЫП ӨТТІ. СЕССИЯҒА АУДАН ӘКІМІНІҢ БІРІНШІ ОРЫНБАСАРЫ Ж. ҚОЙШЫБАЕВ, АУДАНЫҚ МӘСЛИХАТТЫҢ ДЕПУТАТТАРЫ, АУЫЛДЫҚ ЖӘНЕ ҚАЛАЛЫҚ ОКРУГ ӘКІМДЕРІ, БӨЛІМ БАСШЫЛАРЫ, ЖЕРГІЛІКТІ БАҚ ӨКІЛДЕРІ ҚАТЫСТЫ.



Аудандық мәслихаттың кезектен тыс XXIV-ші сессиясы жалпы отырысының күн тәртібіне, Қазақстан Республикасының «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Заңының 6-бабына сәйкес, 2021 жылғы 30 желтоқсандағы Темір аудандық мәслихатының «2022-2024 жылдарға арналған Ақсай ауылдық округі бюджетін бекіту туралы» № 148-ші, Алтықарасу ауылдық округі бюджетін бекіту туралы» № 149-шы, Жақсымай ауылдық округі бюджетін бекіту туралы» № 150-ші, Кеңестуы ауылдық округі бюджетін бекіту туралы» № 151-ші, Кенқияқ ауылдық округі бюджетін бекіту туралы» № 152-ші, Қайыңды ауылдық округі бюджетін бекіту туралы» № 153-ші, Саркөл ауылдық округі бюджетін бекіту туралы» № 154-ші, Тасқола ауылдық округі бюджетін бекіту туралы» № 155-ші, Темір қаласы бюджетін бекіту туралы» № 156-шы, Шұбарқұдық ауылдық округі бюджетін бекіту туралы» № 157-ші шешімдері мен Темір аудандық мәслихатының 2021 жылғы 23 желтоқсандағы № 136-шы «Темір аудандық жер комиссиясының құрамын және жер комиссиясының ережесін бекіту туралы» шешіміне өзгерістер енгізу және Темір ауданында тұрғысы ауыр отбасылардың әлеуметтік жағдайын зерттеу және жақсарту жөніндегі ведомстволарлық комиссияның құрамын бекіту туралы мәселелер енгізілді.

Сессия отырысында депутаттар ауылдық және қалалық округтер бюджетіне өзгерістер енгізу туралы мәселе бойынша барлық ауылдық және қалалық округтер әкімдерінің баяндамаларын тыңдап және талқылап бекітті. Сондай-ақ депутаттар «Темір аудандық жер комиссиясының құрамын және жер комиссиясының ережесін бекіту туралы» шешіміне өзгерістер енгізу мен Темір ауданында тұрғысы ауыр отбасылардың әлеуметтік жағдайын зерттеу және жақсарту жөніндегі ведомстволарлық комиссияның құрамын бекіту туралы мәселені дауысқа қойып, бірауыздан мақұлдады.

ТЕМІР ГАЗЕТИ.







Дін. Дәстүр. Қоғам.

**КӨРЕГЕНДІЛІК – АЛЛА ЖОЛЫНА ТҮСКЕН ЖАНДАРҒА БЕРІЛЕТІН ХАҚТЫҢ НҰРЫ. АЛЛА ТАҒАЛА ОСЫ НҰР АРҚЫЛЫ ОЛАРДЫҢ СЕЗІМ ПЕРДЕСІН АШТЫ. БҮЛ ОЛАРҒА НӘПСІМЕН КҮРЕСУ, АЛЛАНЫ ЕСКЕ АЛЫП, ОҢАША ҚАЛУ ЖӘНЕ ЗІКІР АРҚЫЛЫ БЕРІЛЕДІ.**

# КӨРЕГЕНДІЛІК

Имам әл-Фазали (Алла оны рақымына алсын) былай деген екен: «Жүректің тазалығы мен көрегенділігі зікір арқылы пайда болады. Бұл деңгейге тек Алладан қорқып, тауа болғандар ғана жете алады. Тауаулық – зікірдің қақпасы. Зікір – көрегенділіктің қақпасы. Көрегенділік – үлкен жеңіс – Алла Тағалаға жолығу».

Көреген адам, жүрегі арқылы, кезбен көре алмаған нәрселерді көреді. Өйткені, көреген, тауа пенделер айналаға Алланың нұрымен қарайды. Ғұламалар көрегенділік жүрекке қатысты іс екенін айтқан. Егер жүрек нұрлы болса, көп жағдайда оның көрегенділігі қателеспейді. П а й ғ а м б а р ы м ы з д ы ң (оған Алланың салауаты мен сәлемі болсын): «Мүминнің көрегенділігінен сақ болыңдар, өйткені ол Алланың нұрымен қарайды» деген хадисі осының дәлелі.

Көрегенділіктің деңгейі Алланы танудың және Аллаға жақындықтың деңгейіне байланысты болады. Пенденің Аллаға жақындығы артқан сайын оның көрегенділігі де ақиқатқа айналады. Адам баласының рухы Аллаға жақын болған сайын, оған ақиқат қана көреді. Кезін харамнан, нәпсіні жамандықтан тыйған, ішкі жан-дүниесін Алла Тағала бақылап тұр деген сеніммен тазарта білген және тек адал ас ішіп-жеген адамның көрегенділігі мен аңғарымпаздығы ешқашан қателеспейді. Кезін харамнан тыйа алмаған адамның жүрегінің айнасы да тот басып, қараңғыланып кетеді.

Адам баласы егер сыртқы сезімдерінен ішкі сезімдеріне ауыса алса, тән рахатын ғана көздеген нәпсіні рухына жібереді. Ал рухтың шынайы табиғаты – нәзік әрі көреген. Міне, осының нәтижесінде көрегенділік қасиеті пайда болады. Көрегенділік – Пайғамбарымыздан (оған Алланың салауаты мен сәлемі болсын) қалған шынайы мұра. Ол мұраға сөзі рас, ісі адал және жүрегі тазса сахабалар ие болған еді. Пайғамбарымыздың (оған Алланың салауаты мен сәлемі болсын) көрегенділігі жайлы айтар болсақ, Хақ елшісінің (оған Алланың салауаты мен сәлемі болсын) көрегенділігі оған Алла тарапынан берілген мұраға еді. Ал сахабалар мен олардан кейінгі буынның көрегенділігі керемет деп

аталады. Әнас ибн Мәлік (Алла оған разы болсын) былай деген: «Намазға тұрған кезімде Пайғамбарымыз (оған Алланың салауаты мен сәлемі болсын) бізге жүзімімен бұрылып: «Саптарыңызды түзеңіздер, тығыз тұрыңыздар. Өйткені мен сендерді ту сыртыман көріп тұрамын».

Әнас ибн Мәлік (Алла оған разы болсын) тағы бір сөзінде былай деген: «Пайғамбарымыз (оған Алланың салауаты мен сәлемі болсын) Зайдты, Жағфарды және Ибн Рауаханы шайқасқа жіберіп, туды Зайдке сеніп тапсырды. Олардың үшеуі де жан тапсырып, қаза болды. Бұл хабар жетпестен бұрын Пайғамбарымыз (оған Алланың салауаты мен сәлемі болсын) адамдарға олардың қазасына көңіл айтып былай деді: «Туды Зайд көтерді де қаза болды. Содан соң туды Жағфар көтерді де, ол да қаза тапты. Содан соң туды Абдулла ибн Рауаха алды да, ол да жан тапсырды (Бұл сөздерді айтқан кезде Пайғамбарымыздың (оған Алланың салауаты мен сәлемі болсын) қос жанарынан жас парлап тұрған еді). Содан соң туды бұйрықсыз Халид ибн Уалид алды да, жеңіске жетті». Бұл сөздерді Пайғамбарымыз (оған Алланың салауаты мен сәлемі болсын) Мұта шайқасы болған күні айтқан еді.

Сахабалардың (Алла олардың бәріне разы болсын) көрегенділігі жайлы айтар болсақ, Әбу Бәкір Сиддықтың (Алла оған разы болсын) сыйдығы, яғни өте шыншыл екеніне Алла Тағала Тәлі куәлік берген. Алла тарапынан ақиқатты әкелген Пайғамбарымыз (оған Алланың салауаты мен сәлемі болсын) болса, оны ең алғаш болып растаған жан осы Әбу Бәкір (Алла оған разы болсын) еді. Оның өзге сахабалардан артықшылығына дәлел болатын оқиғалар өте көп. Солардың ішінде Әбу Бәкірдің қасиетін баяндайтын бір ғана оқиғаны айтып өткенді жөн санаймыз.

Урау (Алла разы болсын) әкесінің Айша (р. а.) анамыздан естігенін былай деп баяндайды: «Әбу Бәкір өлім төсегінде жатқан кезінде Айша анамызды шақыртып, оған былай деді: «Отбасыма мен үшін сенен асқан сүйікті жан жоқ. Мен саған байлықты да кедейлікті де еш қорықпастан тілей аламын. Мен саған Мәдина қаласының жоғарғы жағында орналасқан 20 пұт шамасында өнім беретін жер телімін сыйға тартқан болатынымын. Егер сен ол жерге бір жыл құрма еккеніңде, сенің меншігіңе

өтер еді. Шын мәнінде бұл – мұрагерлердің меншігі берілетін күн. Ол жер сенің өкі інің мен өкі сіңіңге тиесілі. Сонда Айша анамыз: «Менің сіңлім біреу ғана, Асмаа емес пе?» деді. Сонда Әбу Бәкір былай деді: «Жатырда жатқан бір саби бар. Маған оның қыз болып туатыны мәлім. Оған жақсы қарап, қамқор бол». Осыдан кейін Умму Кулсум өмірге келді». Ғалымдар бұл оқиғада Әбу Бәкірдің (Алла оны рақымына алсын) екі кереметі баяндағанын айтады. Біріншісі – бұл аурудың соңы өліммен аяқталарын білуі. Сондықтан да «шын мәнінде, бұл күн мұрагерлердің меншігі берілетін күн болып есептеледі» деп айтқан. Екіншісі – келесі перзентінің қыз болатынын, сонымен қатар қызы Айшаға берген мұрасын қайтып алып, тек өзіне ғана тиесілі үлесін беретінін көңілін ауыртыпай жеткізе білуі.

Осман ибн Афанның (Алла оған разы болсын) көрегенділігі жайлы айтар болсақ, бірде оның алдына бір кісі келді. Ол жолда келе жатып бір әйелге көзі түсіп, сол туралы ойланyp келе жатқан еді. Осман ибн Афған (Алла оған разы болсын) оған қарап: «Кісілердің өкі кезінен зинағын әсері байқалып тұр» деді. Өлгі кісі танданысын жасыра алмай: «Пайғамбарымыз (оған Алланың салауаты мен сәлемі болсын) қайтыс болғаннан кейін де уақи келетін болған ба?» деді. Сонда Осман ибн Афған (Алла оған разы болсын) оған қарап: «Жоқ өрине, бірақ бұл иманды адамның көрегенділігі» деп жауап берген екен. Негізінде Осман (Алла оған разы болсын) бұл қасиетін әлгі адамның қылығына дәлел жириеніш пен тәртіпке салу мақсатында ғана көрсеткен болатын.

Әли ибн Әбүтәліптің (Алла оған разы болсын) көрегенділігі жайлы айтар болсақ, ол Пайғамбарымыздың (оған Алланың салауаты мен сәлемі болсын) отбасында тәрбиеленді. Пайғамбарымыз (оған Алланың салауаты мен сәлемі болсын) Мәдина қаласында мұсылмандарды бір-бірімен бауырластырған кезінде оған: «Сен менің бауырымың. Харунның Мұсаға бауыр болғанындай деңгейде болғын келмей ме?» деді.

Асбаған (Алла оны рақымына алсын) жеткен деректе былай делінген: «Әлимен бірге келе жатқан болатынбыз. Хусайнның қабрі қойылған жерге келгенде Әли былай деді: «Бұл жерге олардың мінген түйесі тоқтайды. Осы жерден

олар алыс сапарға аттанады. Осы жерде олардың қаны төгіледі. Мұхаммед (оған Алланың салауаты мен сәлемі болсын) аяулы елден шыққан жас балалар осы жерде ажал құшады. Оларды жоқтап аспан мен жер жылайды». Әли ибн Әбүтәліптің (Алла оған разы болсын) Куфа халқына: «Болашақта сендерден Пайғамбарымыздың (оған Алланың салауаты мен сәлемі болсын) отбасынан шыққан адамдар жәрдем сұрайды. Бірақ олар сендерден ешқандай жәрдем көрмейді» деген еді. Хусейнге қатысты оқиға кейіннен дәл сол жерде болған еді.

Қорыта айтқанда, көрегенділік қасиет – өмірде кездесуі әбден мүмкін құбылыс. Бұл – Алла Тағаланың сүйген пенделеріне берілетін ерекше қасиет. Пайғамбарымыз (оған Алланың салауаты мен сәлемі болсын): «Әрбір елдің көрегені болады. Оны тек қасиетті жандар ғана байқа алады» деген.

Көрегенділік қасиетке жетудің бірінші жолы – көз-жанарын харамнан тыйу. Расында, Алланы көріп тұрғандай немесе Алла мені көріп тұр деген ихсан деңгейімен өзін қатаң бақылауда ұстап, ішкі жан-дүниесін әсемдей алған, нәпсіні күмәнді істерден, көз-жанарын харамнан тыйа алған және тек адал ас ішіп әдеттенген адам көрегенділік қасиетке қол жеткізеді. Осы айтылғандарды оқиғанды айта алмай адам жүрегінен сөзеді.

Күнмен көмшіліктерден тазару деңгейіне байланысты адам баласының жүрегі әр алуан болады. Жүрек те шыны секілді. Тазарған сайын бағасы арта түседі. Бағасы қымбат шыны арқылы әдетте көзге көрінбейтін микробтарды көруге болады. Қарапайым терезенің шынысы мен жоғары оптикалық микроскоптардың шынысы бірдей емес. Сол секілді түрлі күнәдан тазарған жүрек пен күнәға белшесінен батқан жүректі салыстыруға келмейді.

Сондай-ақ перштелер мен шайтандарды да салыстыруға келмейді. Алла Тағала баршамызды аңғарымпаз тауа пенделерінен етпей. Әмин!

**Абылай АМАНҚОСОВ,**

**Темір аудандық жастар арасындағы дін істері орталығы, дін маманы.**

**(Естай АЙТУҒАНҒҰЛЫНЫҢ мақаласынан алынды).**

Мәдени мұра

# ҚҰЛПЫТАСТАРҒА ЗЕРТТЕУ ЖҮРГІЗІЛДІ



**ҮСТІМІЗДЕГІ ЖЫЛЫ ОБЛЫС ӘКІМДІГІНІҢ ҚОЛДАУЫМЕН, «ҚАЗАҚСТАННЫҢ КИЕЛІ ЖЕРЛЕРІНІҢ ГЕОГРАФИЯСЫ» ЖОБАСЫ АЯСЫНДА ЖҮЗЕГЕ АСЫРЫЛЫП ЖАТҚАН «АҚТӨБЕ ОБЛЫСЫ АУМАҒЫНДАҒЫ АРАБ ГРАФИКАЛЫ ТАРИХИ ЕСКЕРТКІШТЕРДІҢ (XIX Ғ.-XX Ғ. БАСЫНА ЖАТАТЫН ҚҰЛПЫТАСТАР) ЭПИГРАФИКАСЫН ЗЕРТТЕУ» ТАҚЫРЫБЫ БОЙЫНША ТЕМІР, ОЙЫЛ, ЫРҒЫЗ ЖӘНЕ ҚОБДА АУДАНАРЫ АУМАҒЫНДАҒЫ ЕСКЕРТКІШТЕРГЕ ОБЛЫСТЫҚ ТАРИХИ-ӨЛКЕТАНУ МУЗЕЙІНЕН ЖАСАҚТАЛҒАН ҒЫЛЫМИ-ЗЕРТТЕУ ЭКСПЕДИЦИЯСЫ ҰЙЫМДАСТЫРЫЛДЫ. АТАЛҒАН ЖОБАНЫҢ МАҚСАТЫ — МӘДЕНИ-ТАРИХИ ЕСКЕРТКІШТЕРДІ GPS КООРДИНАТТАРЫ КӨРСЕТІЛГЕН КАРТАҒА ТҮСІРУ, ТАРИХИ ЖӘДІГЕРЛЕРДІҢ НАҚТЫ ӨЛШЕМДЕРІН БЕЛГІЛЕУ, ҚОРЫМДАР МЕН ҚҰЛПЫТАСТАРДЫҢ ЖОСПАРЛАРЫ МЕН ҚИМАЛАРЫН СЫЗУ ЖӘНЕ ФОТОЛАРҒА (ДРОНДАУ) ТҮСІРІП, ҒЫЛЫМИ СИПАТТАМАЛАРЫН ЖАЗУ, ЗЕРТТЕУДІҢ НЕГІЗГІ БӨЛІГІ АРАП ГРАФИКАСЫМЕН ЖАЗЫЛҒАН ҚҰЛПЫТАСТАРДАҒЫ ЭПИТАФИЯЛЫҚ МӘЛІМЕТТЕРДІ КӨШІРІП, АУДАРМАСЫН ЖАСАУ.**

Темір ауданы бойынша Шығырлы, Бірлік, Ақсай, Темір, Қеңғияқ, Қола, Шұбарқұдық, Шитүбек, Қалмаққырған, Қола, Теректі, Тасқопа, Алтықарасу, Бабатай, Шибұлақ, Қайыңды жерлерінде орналасқан қорымдар зерттелді. Мұндағы ірі қорымдарға Арызмағамбет, Темір қаласындағы ескі қорым, Досжан ишан, Мәулімберді және Көптам қорымдарын жатқызуға болады. Сонымен қатар басқа да белгісіз бейттердегі құлпытастар анықталды. Ойыл өзеніне құятын Шағырлы (Шығырлы), Бадамша, Құмды, Жарлы, Ақтас, Шілі, Шілікті, Сүлікті, Келбатыр, Қарабас, Кеңжалы, Бабатай, Келте, Еділсай, Тоғызбайсай, Қызылсай, Қарағандысай секілді өзендер мен өзге де салалары, сол секілді Темір өзенінің оң жағалауында орналасқан ескерткіштер зерттелді. Ашы Ойыл өзені бойы, оған құятын бұлақтардың бойлары мен аңғарлар Бесбұлақ, Көпбұлақ,

Шұбаржылан, Қандыағаш, Қуырдақты салаларында орналасқан ескерткіштер, Ойыл ауданы көлемінде Қанбақсай (Байгелді ата), Ханкелді, Наурызалаы батыр, Нұрғажы және Қарақөл, Қарасу қорымдарындағы құлпытастар зерттелді. Үрғыз ауданының аумағында Үрғыз өзені бойын жағалай отыра Баймағамбет, Қара, Сарғазы, Бесмола, Дүйсенбай мұнарасы қорымы, «Байыс қорымы» (Қаракесек), Құмтоғай ауылы және өзеннің бергі бетіндегі бейттері, Ақтоғай, Шеңбертал ауылдары тәңірегіндегі, Мәні әулие, Омардың тамы қорымдары зерттелді. Сонымен қатар Теміррасту ауылының тәңірегіндегі бейттер Жаныс кі қорымы, Теміррасту үстіртінегі, Ащы бойы, Тікаша, Тікашамен Дөңгелек, Едіге сайы мен Тікабақ арасындағы кіші қорымдар зертделді. Осы бағытта зерттеу жұмыстары ары қарай Байгелді, Аппақ, Маймақ

атты қорымдарда және Құрылыс ауылындағы ескі қорымда жалғасын тапты. Экспедиция жұмысы одан әрі Қара мола, Нұрғали, Шадыған, Байболсын, Тоқсанбай-1, Тоқсанбай-2, Көкжиек, Құлпытас төбе, Айтым, Айман қорымдарында жүргізілді. Үрғыз жеріндегі ескі қорым, Шахмурат, Қызылқабак, Өүезмәмбет бұлағы қасындағы, Бархын мола, Айымқұл бейіті, Мұхаметәлі секілді қорымдар да зерттеу нысанына ілікте. Тек, Үрғыз ауданы көлемінен 63 қорым зерттеліп, зерделенді. Далалық экспедициялық жұмыстың жалғасы қазан айында Қобда ауданының Талдысай ауылынан оңтүстік-батыс бағытындағы 15 шақырым жерде, Қобда өзенінің бойында орналасқан әйгілі Абат-Байтақ қорымында жалғасты. Бұл қорым үлкен аумақты алып жатыр. Мәдени қабаты ерте кезеңнің қабатынан құралған қорымда, XIX-ғасырда шарақтап дамыған қазақ тас қашау өнерінің көрнекті

туындылары жинақталған. Олар ұлу тас жынысына жасалған, құлпытастарда айқын бейнеленген. Өрине, бұл мәдениетіміздің құнды мұралары болып табылады. Зерттеу жұмыстары кезінде көптеген құлпытастардың мәтіні аударылып, өлшем сызбалары алынды. Биылғы жүргізілген далалық экспедициялық ізденістер нәтижелі аяқталып, өлке тарихына қатысты ескі бейттер мен қорымдардағы арап графикалық эпиграфиялардан мазмұнды мәліметтер жинақталды. Алдағы жылы Үрғыз, Шалқар, Мұғалжар аудандарының аумағындағы ескерткіштерді зерттеу жоспарланып отыр.

**Қонысбай РАХБАЕВ,**  
**облыстық тарихи-өлкетану музейінің аға ғылыми қызметкері.**

Адам және заң

# АДАМ ӨМІРІ МЕН БОСТАНДЫҒЫ

**ЕЛІМІЗДЕ ҚҰҚЫҚТЫҚ МЕМЛЕКЕТТІҢ ҰСТАНЫМДАРЫН ӘРІ ҚАРАЙ ДАМУЫ МАҚСАТЫНДА, ОНЫҢ БАР КҮШ ЖІГЕРІ АДАМНЫҢ КОНСТИТУЦИЯЛЫҚ ҚҰҚЫҒЫ МЕН БОСТАНДЫҒЫН ЖҮЗЕГЕ АСЫРУДЫҢ МҮМКІНДІГІНЕ КЕПІЛДІК БЕРУЕ, БАРЛЫҚ МЕМЛЕКЕТТІК ОРГАНДАРДЫҢ, ЛАУАЗЫМДЫ ТҮЛГАЛАРДЫҢ, АЗАМАТТАР МЕН ЖЕКЕ ТҮЛГАЛАРДЫҢ КОНСТИТУЦИЯЛЫҚ МІНДЕТТЕРІН ТОЛЫҚ ОРЫНДАУЫНА БАҒЫТТАЛҒАН. ҚАЗАҚСТАНДА ЗАЙЫРЛЫ МЕМЛЕКЕТТЕГІ СЕКІЛДІ ТАТУЛЫҚ ПЕН КЕЛІСІМ БЕКІТІЛГЕН, БАРЛЫҚ АЗАМАТТАРДЫҢ ҚҰҚЫҒЫ БІРДЕЙ ДЕНГЕЙДЕ САҚТАЛАДЫ. СОНДЫҚТАН ДА БІЗДІҢ АТА ЗАҢЫМЫЗДА: «ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ӨЗІН ДЕМОКРАТИЯЛЫҚ, ЗАЙЫРЛЫ, ҚҰҚЫҚТЫҚ ЖӘНЕ ӨЛЕУМЕТТІК МЕМЛЕКЕТ РЕТІНДЕ ОРНЫҚТЫРДЫ, ОНЫҢ ЕҢ ҚЫМБАТ ҚАЗЫНАСЫ – АДАМ ЖӘНЕ АДАМНЫҢ ӨМІРІ, ҚҰҚЫҚТАРЫ МЕН БОСТАНДЫҚТАРЫ» ДЕП АТАП КӨРСЕТІЛД**

Мемлекетіміздің адамды және адамның өмірін, құқықтарын мен бостандықтарын ең қымбат қазынасы деп тануы – мемлекеттің адамға үнемі қамқорлық көрсетіп, адам жақсы өмір сүру үшін оған қажетті барлық жағдайды жасайтынын, оның денсаулығын қорғау үшін шаралар қабылдайтынын, мемлекет адамның өмірін қолқұшылықтан қорғайтынын білдіреді.

Халықаралық құжаттарда және қазақстандық заңдарда мынадай екі ұғым қолданылады: адам құқығы және адам бостандығы. Заң тұрғысынан адам құқығы мен адам бостандығының бір-бірінен айырмашылығы жоқ. Дегенмен, белгілі бір өзгешеліктері бар. Мұны осы екі ұғымның анықтамаларын салыстыра отырып байқауға болады. Адам бостандығы – бұл мемлекеттің араласуы тиіс емес қызмет салалары. Ол тек құқықтық нормалар арқылы солардың шеңберінде адамның өз қалауы бойынша іс-әрекет етуін белгілейді. Мұндайда мемлекет нақты адамның бостандығына араласпауы тиіс, сондай-ақ мемлекет бұл бостандықтардың басқа тұлғалардың араласуынан қорғалуын қамтамасыз етуі тиіс.

Адам өмірі мен құқығы – заңда көрсетілген саладағы мемлекет белгілеген және кепілдік беретін адамның мүмкіндіктері мен екіплеттіктері. Адам құқығы, бостандықтары бұзылған жағдайда заңды, құқықты, бостандықты сақтау, басқа адамның абыройы мен ар-жандан құрметтеу міндеттерінің бұзылғандығына қарай заң кепілдігі күшіне енеді.

**Әлмира АЛЬБЕРТҚЫЗЫ,**  
**Темір аудандық сотының сот приставы.**  
**әкімінің аппараты» мемлекеттік мекемесінің маманы.**

## ХАБАРЛАНДЫРУ

**ТЕМІР АУДАНЫ БОЙЫНША 2023 ЖЫЛҒА АРНАЛҒАН КОНДОМИНИУМ ОБЪЕКТІСІНІҢ БАСҚАРУҒА ЖӘНЕ КОНДОМИНИУМ ОБЪЕКТІСІНІҢ ОРТАҚ МҮЛКІН КҮТІП – ҰСТАУҒА АРНАЛҒАН ШЫҒЫСТАРДЫҢ ЕҢ ТӨМЕН МӨЛШЕРІН БЕКІТУ ТУРАЛЫ ҚАУЛЫСЫНЫҢ ЖОБАСЫ.**

Қазақстан Республикасының «Тұрғын үй қатынастары туралы» Заңының 10-3 бабының 1-тармағына, Қазақстан Республикасы Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрінің міндетін атқарушының 2020 жылғы 30 наурыздағы № 166-шы «Кондоминиум объектісін басқаруға және кондоминиум объектісінің ортақ мүлкін күтіп-ұстауға арналған шығыстар сметасын есептеу әдістемесін, сондай-ақ кондоминиум объектісін басқаруға және кондоминиум объектісінің ортақ мүлкін күтіп-ұстауға арналған шығыстардың ең төмен мөлшерін есептеу әдістемесін бекіту туралы» (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 20284-ші болып тіркелген) бұйрығына сәйкес, Темір аудандық маслихаты ШЕШТІ:

1. Кондоминиум объектісін басқаруға және кондоминиум объектісінің ортақ мүлкін күтіп-ұстауға арналған шығыстардың ең төмен мөлшері 2023 жылға бір шаршы метр үшін 24,5 теңге сомасында бекітілсін.
2. Осы шешім оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

**Жобаны ұсынушы: «Темір аудандық тұрғын үй коммуналдық шаруашылығы және автомобиль жолдары бөлімі» ММ.**

## ОБЪЯВЛЕНИЕ

**ПРОЕКТ ПОСТАНОВЛЕНИЯ ОБ УТВЕРЖДЕНИИ МИНИМАЛЬНОГО РАЗМЕРА РАСХОДОВ НА УПРАВЛЕНИЕ ОБЪЕКТОМ КОНДОМИНИУМА И СОДЕРЖАНИЕ ОБЩЕГО ИМУЩЕСТВА ОБЪЕКТА КОНДОМИНИУМА ПО ТЕМИРСКОМУ РАЙОНУ НА 2023 ГОД.**

В соответствии с пунктом 1 статьи 10-3 Закона Республики Казахстан «О жилищных отношениях», приказом исполняющего обязанности Министра индустрии и инфраструктурного развития Республики Казахстан от 30 марта 2020 года №166 «Об утверждении Методики расчета сметы расходов на управление объектом кондоминиума и содержание общего имущества объекта кондоминиума» (зарегистрирован в Реестре государственной регистрации нормативных правовых актов за №20284), Темирский районный маслихат **РЕШИЛ:**

1. Утвердить минимальный размер расходов на управление объектом кондоминиума и содержание общего имущества объекта кондоминиума на 2023 год в сумме 24,5 тенге за один квадратный метр.
2. Настоящее решение вводится в действие по истечении десяти календарных дней после дня его первого официального опубликования.

**Проект изготовил: ГУ «Темирский районный отдел жилищно-коммунального хозяйства и автомобильных дорог».**

# ӘДЕП КЕҢЕСІНІҢ ОТЫРЫСЫ ӨТТІ



Аудандық оқушылар үйінде 2022-2023 оқу жылына арналған әдеп кеңесінің кезекті отырысы өтті. Күн тәртібінде «Педагогикалық кеңес аясында педагогикалық этика мәселесін қарастыру – қазіргі мұғалім қандай кәсіби қасиеттерге ие болуы керек?» және «Мұғалімнің өзінің кәсіби міндеттерін орындау кезіндегі сыртқы келбеті. Педагогикалық этика нормалары мен ережелерін сақтау міндеті» деген мәселелер талқыланды.

**ӨЗ ТІЛШІМІЗ.**



# ЖҮРЕКТІ ЖАРЫП ШЫҚҚАН ЖЫР

ҚАЗІРГІ КЕЗДЕ ҚАЗАҚ ТІЛІНІҢ МӨРТЕБЕСІ – ЕЛІМІЗ ҮШІН ӨТЕ МАҢЫЗДЫ БОЛУЫ ШАРТ. СЕБЕБІ БҰЛ МЕМЛЕКЕТІМІЗДІҢ ТІЛІ ЖӘНЕ БІЗДІҢ АНА ТІЛІМІЗ БОЛҒАНДЫҚТАН ҚАЗАҚ ТІЛІНІҢ ДӘРЕЖЕСІ ӨТЕ БИІК БОЛУЫ КЕРЕК. ҚОҒАМДА ЖАСТАРДЫҢ, ЯҒНИ ӨЗІМІЗДІҢ ҚАРАКӨЗДЕРДІҢ, ОРЫС ТІЛІНДЕ САЙРАП, ҚАЗАҚ ТІЛІН БІЛМЕУІ – БҰЛ ӨРИНЕ ҮЛКЕН ҚАСІРЕТ.

ЖАРАЙДЫ, ОЛАРДЫ ШЕТКЕ ЫСЫРЫП ҚОЙСАҚ, АЛ БИЛІК БАСЫНДАҒЫ ШЕНДІЛЕР ШЕ? МЕНІҢ ОЙЫМША ОЛАР МІНДЕТТІ ТҮРДЕ МЕМЛЕКЕТКЕ ЖҮМЫС ЖАСАП ЖАТҚАНДЫҚТАН МЕМЛЕКЕТТІК ТІЛДЕ СӨЙЛЕУІ ҚАЖЕТ. ӨЙТКЕНІ, КӨРІП ЖАТАМЫЗ ОСЫ БИЛІКТЕГІ АҒА-ӨПКЕЛЕРІМІЗ ЖУРНАЛИСТЕРГЕ БОЛСЫН, ХАЛЫҚҚА ЕСЕП БЕРУДЕ БОЛСЫН, КӨБІСІНЕ ТОПЫРАҚ ШАШҚЫМ КЕЛМЕЙДІ, БІРАҚ ОНЫ ЖОҚҚА ШЫҒАРУДЫҢ ДА ҚАЖЕТІ ЖОҚ, ОРЫС ТІЛІНДЕ СӨЙЛЕП ЖАТАДЫ. БҰЛ МЕНІҢ ЖАНЫМА ҚАТТЫ БАТАДЫ...

МІНЕ ОСЫНДАЙ ЖАҒДАЙЛАР, МЕНІҢ ТӨМЕНДЕГІ ӨЛЕНДІ ЖАЗУЫМА МӘЖБҮРЛЕДІ. БҰЛ МЕНІҢ ЖҮРЕГІМДІ ЖАРЫП ШЫҚҚАН ЖЫРЫМ!

## АНА ТІЛІМ!

Ана тілім –  
Жүрегісің анамның.  
Жүрек-ана,  
Мен өзіңнен жаралдым.  
Сағат сайын саулығыңді тілеймін,  
Сенсіз мынау керей не ғаламның?!  
Сенің әр бір тынысыңмен күн кешем,  
Сен арқылы тіршілікпен тілдесем.  
Ел бетіне қалай түзу қараймын,  
Ана тілім,  
Егер сені білмесем.  
Сенің арқаң дүниеден сыр ұқсам,  
Сенің арқаң жүзің ішсем тұнықтан.  
Туған анамды ұмытқаным емес пе,  
Туған тілім,  
Егер сені ұмытсам?  
Ана тілім,  
Алтын ұям, құндағым,  
Ақ бесікте әлдіңді тыңдадым.  
Сенің жырың, сенің өңің айтарым,  
Санам сеніп, байланғанша тіл-жағым!

Қадыров Диас Асхатұлы,  
Абылайхан атындағы ҚХЖ ж ӨТУ  
журналистика факультетінің  
2-курс студенті.

## ӘСКЕРИ-ТЕХНИКАЛЫҚ МЕКТЕПКЕ ӨТЕУСІЗ НЕГІЗІНДЕ ОҚУҒА ШАҚЫРАМЫЗ



ТЕМІР АУДАНЫНЫҢ ҚОРҒАНЫС ІСТЕРІ ЖӨНІНДЕГІ БӨЛІМІ 2023 ЖЫЛДЫҢ ҚАҢТАР АЙЫНА ДЕЙІН, «В», «С» САНАТЫНДАҒЫ ЖӘНЕ «С1» КІШІ САНАТТАҒЫ КӨЛКІ ҚҰРАЛДАРЫНЫҢ ЖҮРГІЗУШІСІ БАҒДАРЛАМАСЫ БОЙЫНША, ӘСКЕРИ-ТЕХНИКАЛЫҚ МЕКТЕПКЕ ӨТЕУСІЗ НЕГІЗДЕ ОҚУҒА ШАҚЫРАДЫ.

Оқуға денсаулық жағдайы бойынша әскери қызметке жарамды, он жеті жас алты айдан бастап, жиырма алты жасқа дейінгі азаматтар тартылады. Мектеп тәрбиеленушілері жататын орнымен, тамақпен және киім-кешекпен қамтамасыз етіледі. Құрсанттар оқуды аяқтаған соң «В», «С» және «С1» санатындағы көлік жүргізуші куәлігін алып, әскерге шақырылады. 2023 жылдан бастап әскери қызметін өтеген үздік әскери қызметшілерге, запалса шығарылғаннан кейін, жоғары оқу орындарында білім алуға жеңілдіктер беріледі және екі жыл ішінде ҰБТ нәтижесінсіз ақылы негізде оқуға түсе алады. Оқуға ниет білдірген азаматтар Темір ауданының қорғаныс істері жөніндегі бөліміне немесе 2-24-55 телефон арқылы хабарласуға болады.

Р. БАЛДАИРОВА,  
Темір ауданының ҚЖБ қызметкері.

## 20 МЕМЛЕКЕТТІК ҚЫЗМЕТ ТҮРІ БАР

Шұбарқұдық ауылдық округінде көрсетілетін 20 мемлекеттік қызмет түрі бар. Мемлекеттік қызметтер Шұбарқұдық кенті, Асау барақ көшесі, № 6 мекен-жай бойынша орналасқан «Ақтөбе облысы Темір ауданы Шұбарқұдық ауылдық округі әкімінің аппараты» ММ-нде көрсетіледі. Мемлекеттік көрсетілетін қызмет түрі қызмет алушының жеке басын куәландыратын құжаты (жеке басын сәйкестендіру үшін талап етіледі) мен электрондық цифрлық қолтаңбасын (ЭЦҚ) ұсынуымен веб-портал (www.gov.kz «электрондық үкіметі») арқылы көрсетіледі.

Қазіргі таңда Шұбарқұдық ауылдық округінде Қазақстан Республикасының Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрі 2021 жылғы 25 наурыздағы № 84-ші бұйрығына сәйкес «Жергілікті өкілді органдардың шешімдері бойынша мұқтаж азаматтардың жекелеген санаттарына әлеуметтік көмек тағайындау» мемлекеттік қызметі көрсетіледі.

Мекеме өзіне өзі қызмет көрсету бұрышы мен құту орындқтарымен жабдықталған. Қосымша мәліметтерді 87134691577 байланыс телефоны арқылы алуға болады.

Дамира САТАЕВА,  
Шұбарқұдық ауылдық округі

## Мектеп тұрмысы

# КОНКУРСИЕН ЖҮМЫСҚА ҚАБЫЛДАНДЫ



5 желтоқсан күні Шұбарши жалпы орта білім беретін мектебінде уақытша әлеуметтік педагогі бос ваканциясына жұмысқа қабылдау конкурсы өтті. Конкурсқа 3 маман қатысты. Конкурс нәтижесінде жоғары ұпаймен уақытша әлеуметтік педагогі бос ваканциясына Жылтай Өсем қабылданды.

ӨЗ ТІЛШІМІЗ.

## Өнер

# «ЖАЙДАРМАН ЛИГАСЫ» БАСТАУ АЛДЫ



ЖУЫҚТА АУДАНЫҚ ЖАСТАР РЕСУРСТЫҚ ОРТАЛЫҒЫНЫҢ ҰЙЫМДАСТЫРУЫМЕН ТЕМІР АУДАНЫҚ «ЖАЙДАРМАН ЛИГАСЫ» БАСТАУ АЛДЫ

Аталмыш додаға ауданның түкпір-түкпірінен 10 команда қатысуға ниет білдіріп, өз бақтарын сынады. Әділ қазылардың шешімімен 1/8 финалға барлық қатысушы командалар жолдама алды. Енді бұл командалар, ойынның келесі кезеңінде, яғни желтоқсан айының 14-ші жұлдызындағы 1/8 финалында өнер көрсетеді.

ӨЗ ТІЛШІМІЗ.

## Қауіпсіздік

# ҚЫС КЕЛДІ, САҚ БОЛЫҢЫЗ!

ҚЫС КЕЗІНДЕГІ БІЗ  
САҚТАНАТЫН ҚАУІПТЕР –  
МҰЗДЫҚТАР, КӨКТАЙҒАҚ, АЯЗ,  
ЖҰҚА МҰЗ.

## АБАЙЛАҢЫЗ, ЕМІЗІКТЕР!

Үйлердің шатырларынан түсетін қар мен еміздіктерге назар аудару маңызды. Мұндай орындарды айналдырып өту керек. Ешқашан қоршалған аймақтарға кіруге болмайды. Үнемі тротуарлардың қоршалған учаскелеріне назар аударыңыз және ешқашан қауіпті аймаққа кірмеңіз. Егер тротуармен жүру кезінде сіз жоғарыдан күдікті шу естісеңіз, тоқтауыңызға, басыңызды көтеріп, оның не екенін білу үшін жоғары қарауға болмайды. Бұл қардың немесе мұздың құлап келе жатқан дыбысы болуы мүмкін. Сондықтан гимараттан алысырақ қашуға да болмайды. Мұндайда тезірек қабырғаға тақалып тұруға тырысу керек. Өйткені, шатырдың күн қағары сізді қорғап қалады.

## КӨКТАЙҒАҚ!

Тратуар бойымен қысқа қадамдармен табанды нық басып жүру қажет. Мүмкіндігінше тайғақ жерлерді айналдырып өтуге тырысыңыз. Әсіресе, қыста жолдан өткенде аса мұқият болу керек. Өйткені көлік тайғақ жолда бірден тоқтай алмайды!

## АБАЙЛАҢЫЗ, АЯЗ!

Аязды күндері серуендеу кезінде үсік алу ықтималдығы жоғары.

## ЖҰҚА МҰЗ!

Мұз қатқан су қоймаларына шықпаңыз! Егер мұз жарылса, көмекке қатты дауыспен айқайлап шақырыңыз, ыңғайы келсе өзіңіз де жарылған жерден шығуға тырысу керек! Мұндайда, мұздың бетімен домалап, жарылған жерден алыстау – нәтиже бермек.

## ҚЫСТА ЖОЛ ЖҮРУ ЕРЕЖЕЛЕРІ

- Екі есе назар аудару және жоғары сақтық!
- Тек жерасты, жерүсті немесе реттелетін өткелдерден өтіңіз. Ал олар болмаған жағдайда, автокөлікпен арадағы қауіпсіз қашықтықты ұлғайтыңыз.
- Аспан ашық күндері Күн – қыста жүруге кедергі келтіруі мүмкін. Өйткені жарыраған күн мен ақ қар – құймақ әсерін жасайды, адамның көзін шағылыстырады. Сондықтан өте мұқият болу керек.
- Қарлы көлбеу немесе көктайғақ жолда автокөліктің тұсу ықтималдығы жоғарылайды, ең бастысы – тежегіш жолы ұзарады.

Сондықтан жолға өту үшін көліктен әдеттегі, яғни жазғы қауіпсіз қашықтықты бірнеше есеге арттыру керек.

5. Көшеде мұздың астында жасырылған құмыралар пайда болады. Жол өте тайғақ болады! Сондықтан жүру бөлігінен өту кезінде машиналар өтіп кеткенше күте тұру керек. Ешқашан, тіпті көшеде де, жүру бөлігінен өту кезінде жүгірмеңіз! Тек қысқа қадаммен өтіп, өте мұқият сақ болу керек.

6. Қыста жолды көру қиындайды:  
- жол жиегіндегі құмыралар болады;  
- қардан тазартылмаған жол тарылады;  
- қар басып қалған машиналар көрінбейді.

Демек, өте мұқият болу керек, алдымен міндетті түрде тоқтау керек және жақын маңда көлік жоқ екеніне көз жеткізгеннен кейін ғана жүру бөлігіне өту керек.

7. Қалың қысқы киімдер қозғалуға кедергі жасайды. Мұндай киімде тепе-теңдікті сақтау қиын. Сонымен қатар, капюшондар, жүн жағалары мен қысқы қалпақтар да шолуға кедергі келтіреді. Қыста біз кейбір киімдердің жолда қандай зардаптарға әкелуі мүмкін екенін білмейміз. Сондықтан қысқы киімдер «көрінетін» болуы керек, яғни жарық қайтарғыш аксессуарлары болуы тиіс.

С. КАЛМЕНОВ,  
Темір ауданының ТЖБ бастығы,  
азаматтық қорғау капитаны.

# БӨЛТІРІК ШЕШЕН

Бөлітрік замандасы, жақсы ағасы Кебекбайға сәлем бергілі келіпті. Кебекбайдың әйелі төсек тартып ауырып жатыр екен. Кебейбай ауру әйеліне жағдай жасай алмай, өзінің де күйі болмай, үй іші жүдеу тартып қалғанға ұқсайды. Аман-саулық біліскен соң, Кебейбай: «Ауруың бети қатты сияқты, жаман айтпай жақсы жоқ, өліп қалмаса жарар еді» деп, Бөлітрікке қауіпін айтады.

– Асыл жеңгем өлмесін, алдымен өзіңнің өлгенін жөн, – депті Бөлітрік. Өзі қам-көңіл болып отырған Кебейбай: «Неге олай дейсің, Бөлітрік?» деп сұрады.

– Өркімнің жаны өзіне төтті. Сен менің айтқанымды көңіліңе ауыр алма, – деп Бөлітрік сөзінің мәнісін түсіндіре бастайды. – Кімсің – Кебекбаймын атандың. Атағың ауылдан асып, алашқа жетті. Ағайынға сөз салсаң, сөзіңді өткіздің, жөн айтсаң жөніңді өткіздің. Қалың мал беріп, қалап алған, Құдай қосқан қосағыңмен қоса ағардың. Ұлың ұяға, қызың қияға қонды. Бұдан артық Құдайдан не тілейсің? Өлмегенде сайтан болайын деп пе едің? Асыл жеңгем өлер болса, «Су әкелерім-ай», «От жағарым-ай», «Қазан қайнатарым- ай» деп жылағаннан басқа не бітіресің? Ал жеңешем сенен ұзақ жасайтын болса, артыңнан жоқтау айтып, Ысты мен Дулатқа сенің басың ұзақ жасайтын жария қылмай ма? Мысалы, былай жоқтар еді, – деп мынаны айтады:

«Биік таудың басынан,  
Тұнық шыққан бұлағым.  
Көкқарай саздың қасынан,  
Тұнып шыққан құрағым.  
Ат жалын тартып  
мінгенде,  
Ауылыңның басын

құрадың.  
Алыс пен жақын білгенде,  
Еліңді түгел сұрадың.  
Сұлтаным тірі кезінде  
Тал шыбықтай бұралдың.  
Өзіңді менен бөлгенде,  
Қара жерге көмгенде,  
Көзімнің жасын бұладым,  
Жер таанып құладым.  
Қолымнан ұшқан

сұңқарым,  
Шай деспеген шынарым,  
Мүңгір-нәңкір көлгенде,  
Өсем болсын тұрағың.  
Таңда мақшар күнінде,  
Бейіштің мінгін пырағың».

Осы өңгіменің бәрін бастан-аяқ сүйсініп тыңдаған ауру бәйбішесің бойына жақсы сөз қуат береді. Бөлітрік сөзіне қарап, оған дауысын көтере былай дейді: «Неғып жатырсың, Сары! Көтер басыңды, атаң қазақ айтқан екен: «Дос жылатып айтады, дұшпан күлдіріп айтады» деп. Мен саған дос едім, жылатып айттым. Алтайдан көк қасқа биеге бата сұрадың, ата батасы қабыл болып, екі әйелің бірдей жүкті болды. Уәли мен Халықты көріп қуанышқа бөлендің. Осы қуанышқа жетуіңнің алғашқы себебі менің саған жылатып айтқан сөзім емес пе? Екінші себеп – екең Алтайдың егіліп берген батасы еді. Үшіншіден – алыста жүрсем де, «Сарының тілегін қабыл ете гөр!» деп, Құдайдан менің сұраған күндерім көп болды. Барлық

бар екен. Бұл кісі қайда барса да, Сары екеуі бірге жүреді, екеуі қатар отырғанда, сөзден бұларды ешкім жеңе алмаса керек.

Күндердің күнінде бір топ кісімен бірге екеуі үлкен жиынға келе жатады. Бөлітріктің астында көкшолоқ аты, үстінде ескі шапаны бар екен. Сонысын кемітейін деген оймен Сары Бөлітрікке мынадай әзіл айтады: «Бөлітрік, сенің көкшолоағың азбайды екен, көк шекпенің тозбайды екен, сіре сен қай уақытта жаңалар екенсің?» дейді.

Сонда Бөлітрік Сарыға қарап: «Жақсы айтасың, Сарым, ұзын кездессе, ұлым киіп кетеді, қызыл кездессе, қызым киіп кетеді, солардан қалғанын ғана мен киімін. «Саудагер жолын түзейді, бедеу қатын бойын түзейді» деген қазақтың мақалы бар» деп Сарының баласы жоқтығын бетіне басады. Осы сөзді естіген Сарының түсі бұзылып, мініп келе жатқан атын қақ басқа бір салып, кейін бұрылып үйіне қайтады. Қапаланып келген Сары төбенің басында отырған әкесі Алтайға бұрылмай, үйіне тіке түсіп, белін шешпестен төсегіне теріс қарап жатып алады. Ал қалыптасқан әдеті былай екен, еке ерте тұрып, шаруасын жайлап болып, кешке дейін төбенің басында отырады екен. Танертенгі және түсі асын төбенің басына алдырып ішеді екен. Баласы Сары би бір жаққа барып қайтқанда, әуелі келіп төбенің басында отырған әкесіне сәлем береді, көрген-білгенін, естіген-әңгімесін айтады. Содан кейін ғана әкесінің рұқсатымен үйіне барып түседі. Бұл жолы олай болмаған, Сары бірден үйіне барып түсті. Мұны көрген әкесі бәйбішесін шақырып алып: «Бала шіркін бірнәрсеге ренжіп келген болар, бұрынғы әдетін істемеді ғой. Сен барып айтшы, көк қасқа айғардың үйіріндегі көк қасқа ту биені өзі барып ұстап алып келсін, менен бата сұрасың» дейді.

Бәйбіше төсекте жатқан баласына әке сәлемін жеткізеді. Орнынан атып тұрған Сары атына міне салып, жылқыға барып, айтылған көк қасқа биесін алып келіп, әкесі Алтайдан бата сұрайды. Әкесі жылап тұрып батасын береді.

Осы батадан болды ма, болмаса баланың бігер сәті келді ме, ол жағын кім білсін, әйтеуір Сарының екі әйелі қатар жүкті болып, мезгілі жеткен күні екеуі де ұл табады. Бірінші атын Уәли, екіншісінің атын Халық қояды.

Балаларының туғанын Бөлітрік естиді де, көкшолоқ атына міне сала кідіргеннен тіке Сарының ауылына тартады. Бөлітрік ауылға жақындағанда Сары далада тұр екен. Бөлітрікті көре үйіне кіріп, төсегіне теріс қарап жата қалады. Атынан түсіп, үйге кірген Бөлітрік Сарының жақтырмай жатқанын біліп, оған дауысын көтере былай дейді: «Неғып жатырсың, Сары! Көтер басыңды, атаң қазақ айтқан екен: «Дос жылатып айтады, дұшпан күлдіріп айтады» деп. Мен саған дос едім, жылатып айттым. Алтайдан көк қасқа биеге бата сұрадың, ата батасы қабыл болып, екі әйелің бірдей жүкті болды. Уәли мен Халықты көріп қуанышқа бөлендің. Осы қуанышқа жетуіңнің алғашқы себебі менің саған жылатып айтқан сөзім емес пе? Екінші себеп – екең Алтайдың егіліп берген батасы еді. Үшіншіден – алыста жүрсем де, «Сарының тілегін қабыл ете гөр!» деп, Құдайдан менің сұраған күндерім көп болды. Барлық

тілегіміз қабылданып, екі бала туды. Ал енді мен құтты болсын айтайын деп келдім. Сенің жатысың ұнамайды, көтер шапшаң басыңды! Өйтпесе екең Алтайдың алдында жүгініске түсем» деп, орнынан тұруға ыңғайлана бергенде, төсекте жатқан Сары атып тұрып, Бөлітрікті құшақтап: «Сенің айтқаныңның бәрі дұрыс, Бөкем! Менің саған өкпелеуім қате екен» деп көшірім сұрайды.

Екеуі осы түрегелген бойында қол ұстасып барып, Алтайдан бата алып, дос болып кетеді. Бөлітрік Уәли мен Халықтан екі ат, екі шапан алып, үйіне қайтады.

\*\*\*

Бөлітрік баласына «Жау жок деме, жар астында, бәрі жок деме, бөрік астында», «Басыңа ие бол, қолыңа ие бол, тіліңе ие бол» деген сияқты ақыл сөздерді айта береді екен. Бірде баласы екісін: «Жауды жақындатып, қара аспанды төңдіріп қоятыныңыз-ай» деп қапа болыпты.

Сөйтіп жүргенде Бөлітріктің баласы бір жерге қыдырып барып, біреумен сөз сайыстырып, ілінісіп қалады. Алып о бастағы сөзден шықса керек. Баласы Бөлітрікке: «Әке, «Жау жок деме, жар астында», «Басыңа ие бол, қолыңа ие бол, тіліңе ие бол» дегеніңізді мәнсініз енді ұқтым» дейді. Сонда Бөлітрік баласын былай деп демеп сөйлеген екен:

«Керден болса,  
Аяғың жау тартады.  
Кесірден болса,  
Таяғың жау тартады.  
Кіді болса,  
Мінезің жау тартады.  
Ірі болса,  
Білегің жау тартады.  
Міншіл болса,  
Ақылың жау тартады.  
Сыншыл болса,  
Талабың жау тартады.  
Жайсыз болса,  
Жүрісің жау тартады.  
Қамсыз болса,  
Тур-түсің жау тартады.  
Тойымсыз болса,  
Көзің жау тартады.  
Орынсыз болса,  
Сөзің жау тартады».

\*\*\*

Бөлітрік қасында серіктерімен бір үйде түстеніп отырады. Сөйтіп отырғанда олардың үстіне сол ауылдың бір байы келеді. Ауыл адамдарының қатарынан асып, бай Бөлітріктің қасына келіп отырады. Үй иесінің қонақтарға арнап тартқан сый табағы ішіндегі қойдың басы біраз мүлген екен. Бай өзіне ұсынылған басты алып, қалған көзін ойып алып жейді. Бай Бөлітрік пен оның қасындағы серіктеріне тиісіп, оларды ашқұрсақ жүрген қыдырыпмаздар деп іліп қаға береді. Сонда Бөлітрік әлгі байға: «Арғымақ атта жал болмаса, жабы келіп жалыменен теңесер. Ақиқ ерде мал болмаса, жаман келіп малыменен теңесер. Мен арғымақ болғанда, сен бір жабы емес пе едің-жалыңмен теңесіп тұрсың-ау. Жабы арғымақ бола ма, жал біткенмен. Жаман жақсы бола ма, мал біткенмен. Жаман болмаса, есіктен кіріп төр менікі дер ме едің? Жақсы болсаң, жалшыңнан сарқыт жер ме ең?» депті.

Сонда көдейдің қолынан сарқыт алып жеген байдың үні өшіп, отырып қалған екен.

\*\*\*

Ел аузынан.

## Темір

Меншік иесі:  
Аудандық «Темір» газеті ЖШС

Директор Мәңдіхан ӘДІЛХАНҒЫ

Газет Мәдениет және Ақпарат Министрлігінде 2012 жылдың 2-тамызында тіркеліп, №12894-Ф куәлігі берілген.

Жарияланған мақала авторының пікірі редакция көзқарасын білдірмейді

Газеттегі кейбір суреттер галатормдан алынды.

Редактор Бердихан АДІЛХАНОВ

телефоны 871346 (49-0-11)  
тілшілер 2-24-72

Аудандық «Темір» газеті ЖШС.  
Мекен-жайы 030800, ҚР Ақтөбе облысы,  
Темір ауданы, Шұбарқұдық кенті, Байғанин көшесі, 11.

ГАЗЕТ АПТАСЫНА БІР РЕТ ШЫҒАДЫ.  
ТАРАЛЫМЫ 2160 ДАНА. ТАПСЫРЫС 1729  
КӨЛЕМІ 2 БАСПА ТАБАҚ, ИНДЕКСІ 65510

«Хабар-Сервис» ЖШС баспаханасында басылады. Ақтөбе қаласы, Смағұлов 9/2  
Басылу сапасы жөнінде 400 400 телефонына хабарласуға болады.